

Jetisy ýniversiteti

JETISÝ OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ

World
University
Rankings 2024



World University Rankings 2025 зерттеуі негізінде әлемнің ең үздік университеттері анықталды. Рейтингіте 115 елден 2000-нан астам жоғары оқу орны сарапқа салынды. Қазақстандық 23 университет қатысып, оның төртінші орын иеленсе, он тоғызы «Reporter» мәртебесін алды. «Reporter» дәрежесін иеленгендер

қатарында I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті бар. Білім ордасы алдағы уақытта Times Higher Education World University Rankings, QS World University Rankings әлемдік рейтингтерінде өз позицияларын күшейтіп, алдыңғы қатардан орын алу үшін барынша күш салады.



РЕСПУБЛИКА

Республика күнінің тарихы сонау тоқсаныншы жылдардан басталады. 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Бұл Қазақстанның тәуелсіздік

КҮНІНІҢ ТАРИХЫ



ОТАН

Ой, Отаным, менің жақын-жақыным,
Қорғ бекеті сендегі атқан таң жүзін.
Плоды, талай жемісінді жемізді,
Тілектіңді, қорғандыңды нанға үзім.

Ой, Отаным, менің мақтан тұтарым,
Бас иетің қасиетім, құт-арам.
Қызыл жамбыл, бұтаң, ағаш,
Құнды асы топырағым, жұпарым!

Ой, Отаным, менің арқа сүйегім,
Сенсең, сендік қаным, қайқа-сүйегім.
Жидығыңа, бір қызыңа салың, ағаш,
Тілек, сүйек, сені ғана сүйеймін!

Сен мен үшін берің бердің бақыттың,
Сенде ғана Ай сәулесі жауын - түн.
Саған деген махаббатың ағаш,
Сыйлайтын ешбір ұясыңа уақыттың.

Ай, мен сен деп ойға түспей, оқ айтпай,
Аң-қайтпай қызығымды ғашы отпай.
Көңіліңе жарал жүйсегі жетер-ау,
Береліңе бір ауыз сөз жалайпай!

Сүйеймін! - деп сені алқаптан сөз көріп,
Киемін! - деп көңі алқаптан көз көріп.
Өзгеліңе жарал жүйсегі жетер-ау,
Қайғыңа жеті алмайтын өзге алоқ.

Ой, Отаным, өзін барда ер еңсем,
Сенде өлем, Сенде қорғам, не көрсем.
Бір жақсыңды жалаң беріп келесің,
Бір жақсыңды көрсетсең де менен сен!
...Ой, Отаным, құдіретіңде жоқ өшпес!

Қалқаман САРИН

алуына жол ашқан маңызды құжат болатын. Декларацияда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Алғаш рет ел аумағының тұтастығы, қазақ халқының және басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету, ұлттық болмысты қалыптастыру әрі нығайту сияқты мемлекеттік қағидаттар бекітілді. Осы декларацияның арқасында ҚазКСР өз ішкі әскерін, мемлекеттік қауіпсіздік пен ішкі істер органдарын құру құқығына ие болды. Ал президент елдің басшысына айналды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда ата-

лып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет «ұлттық мереке» болып жарияланды. Алайда 2001 жылы бұл мәртебеден айырылып, «мемлекеттік мереке» санатына өтті. Ал 2009 жылы сәуірде мерекелер қатарынан мүлде алынып тасталды. Осылайша он жылдан астам уақыт бойы 25 қазан – Республика күні тойланған жоқ. 2022 жылы президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күнін қайтаруды ұсынды. Мемлекет басшысы оған «ұлттық мереке» мәртебесін беріп, Қазақстанның басты мейрамы ретінде атап өту туралы бастама көтерді. Қ.Тоқаевтың бастамасы халықтың қолдауына ие болып, дәл

сол жылы заңға тиісті өзгеріс енгізілді. Сөйтіп Қазақстан халқы ұзақ жылдар бойы атаусыз қалған Республика күнін қайтадан атап өтті. «Енді бұл мейрамды күллі ел болып жаңа мазмұнда атап өтетін боламыз. Қайта жаңғырған Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам», - деді Президент Қ.Тоқаев. Айтпа кетері, заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, Республика күні – елдегі жалғыз ұлттық мейрам. Республика сөзі латын тілінде «ортақ іс» деген мағына береді.



3 бет



4 бет



6 бет



8 стр.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ

ЖЕТИСТІГІ — ЖАСТАРҒА СЕРШІН

7-13 қазан күндері Хорватияның Пореч қаласында ардагерлер арасында еркін күрестен әлем чемпионаты өтті. Байрақты бөсекеде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті спорт клубының жаттықтырушысы Қанат Шоңырақов 70 келі салмақта күресіп, II орынға ие болды.

Университет ұжымы мен студенттері күміс жүлдегер Қанат Ұзақұлына құрмет көрсетіп, арнайы жиын өткізді. Басқарма мүшесі-әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректор Болат Сериев ел намысын әлемдік чемпионатта қорғап, Жетісу облысының абыройын асқақтатқаны үшін Қанат Шоңырақовқа алғыс айтты. «Қанат Ұзақұлы университет қабырғасында көптеген Азия чемпион-

дарын, ҚР чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындады. Өзі Жетісу университетінің түлегі. Еркін күрестен спорт шебері, жоғарғы санаттағы жаттықтырушы, университетте еркін күрестің дамуына үлкен үлес қосып жүрген спортшы», - деді проректор. Ардагерлер алқасының мүшесі Дүйсен Аңсабаев жүлдегерге арнап өлең оқып, бата берсе, ақсақалдар алқасының төрағасы Амангелді Катенов, Нұрлан Ақашев, спорт клуб төрағасы Берік Битісуов жылы лебізін білдірді. Қанат Ұзақұлының өріпкестері мен шәкірттері де жиынға қатысып спортшыны құттықтады. Шара соңында проректор Болат Абдулдаулы күміс жүлдегерді «Спорттағы жетістігі үшін» медалімен марапаттады.

19 ҚАЗАН —
ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 19 қазан — Құтқарушылар күніне орай практикалық оқу-жаттығу іс-шарасы өтті.

Практикалық шарада төтенше жағдай кезінде зардап шеккендерді ғимараттардың жоғарғы қабатынан

құтқару техникасы, құтқарушылардың құрал-жабдықтары мен техникаларының көрсетілімі болды.

Шараға Жетісу облысы ТЖД «ӨСЖАҚЖК» РММ бастығы азаматтық қорғау полковнигі Нұрбол Исанов, университеттің оқытушылары мен студенттері қатысты.

«7.PRO» КОМАНДАСЫ
ЖЕҢІМПАЗ

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «7.Pro» командасы 26 жоғары оқу орны қатысқан республикалық зияткерлік сайысында бас жүлдені жеңіп алды.

Іс-шара энергетикалық мәселелердің инновациялық шешімдерін ұсынатын студенттік жобаларды қолдауға бағытталған.

Жетісу университетінің командасы KAZENERGY ұйымдастырған «Student Energy Challenge» республикалық байқауының 8-ші маусымына «Silk route» жобасымен қатысты. «Silk route» — бұл екі бағыттан тұратын негізгі құрамы табиғи шұңғит шикізатынан құралған көпсалалы өнім. Жобаның бірінші өнімі ауыл шаруашылық секторына арналатын тыңайтқыш және препараттар. Жобаның екінші бағыты шұңғит шикізатынан тұратын «Silk Route» фильтри.

Команда мүшелері: Мейрамбек Омархан, Жанбол Байбол (құқық және экономика факультеті), Ерасыл Жасқайратұлы (дене шынықтыру және әнсер факультеті).

Студенттер жобалық жұмыстарын одан әрі зерттеу үшін 5000\$ көлемінде грант иеленді. Іс-шараны KAZENERGY қауымдастығы 2017 жылдан бері «Shell Kazakhstan» компаниясының қаржылық қолдауымен өткізіп келеді.

«МАМАНДЫҒЫМ-БОЛАШАҒЫМ»
ЖОБАСЫ ІСКЕ АСУДА

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Мамандығым — болашағым» жобасы аясында сараптамалық талқылау отырысының ресми ашылуы өтті. Жиынға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі

Іс-шараны Жетісу университетінің ректоры Ермек Бөрібаев жүргізіп, жобаның Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына аса маңызды екенін атап өтіп, сараптамалық талқылау отырысының жұмысына сәттілік тіледі.



«Мамандығым — болашағым» бағдарламасы жобалар тобының жетекшісі Олжас Сәкенов Жетісу өңірінде кадр даярлау бағдарламасы бес басым сектор бойынша әзірленетінін айтты. «Жергілікті өкімдік жобалық кеңсеге өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешені, энергетика және жаңартылатын энергия көздері, ақпараттық технологиялар, туризм индустриясы сынды бес саланы ұсынып отыр. Алдағы уақытта сараптамалық топ осы салалар бойынша зерттеулер жүргізіп, өз ұсынымдарын береді», - деді Олжас Сәкенов.

Саясат Нұрбек онлайн қатысып, республика бойынша жобаның табысты жүзеге асып жатқанын атап өтті.

«Қазіргі таңда «Мамандығым — болашағым» жобасы еліміздің 9 өңірінде жүзеге асуда. Павлодар, Маңғыстау, Қарағанды облыстары және Астана, Алматы қалалары өңірлік кадрларға қажеттілік картасын әзірлеуді аяқтап, осы өңірлердің басым секторларындағы келешегі бар кәсіптерді анықтады. Жетісу облысы кадр қажеттілігіне форсайт-зерттеулер жүргізіп жатқан жетінші өңір», - деді ведомство басшысы.

Форсайт жұмысына Жетісу облысының ірі кәсіпорын және мекеме басшылары, білім беру мекемелері мен жергілікті атқару органдарының өкілдері қатысты.

Айта кетейік, «Мамандығым — болашағым» жобалық кеңсесі Жетісу университетінде былтыр ашылып, өз жұмысын бастаған болатын.

СТУДЕНТТЕР ҚАТАРЫНА ҚАБЫЛДАУ КЕШІ ӨТТІ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Welcome to Zhetysu university» атты 1 курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау кеші өтті. Шараға Жетісу облысы мәслихатының төрағасы Гүлнар Тойлыбаева қатысып, университет табалдырығын



аттаған студенттердің білім жолына сәттілік тіледі. Университеттің әлеуметтік жұмыс және жастар саясаты жөніндегі проректоры Болат Сериев жас білімгерлерді құттықтап,



студенттік билет табыс өтті. «Студенттік шақ — адам өмірінің ең қызықты да ұмытылмас кезеңі. Әр күндеріңіз сапалы білім мен жарқын естеліктерге толы болсын!», — деді Болат Абдулдаулы. 1 курс студенттері Айару Жетісбай мен Нұрсұлтан Тоқтасын ортаға шығып, «студенттік ант» қабылдады. Салтанатты шараны облыстық филармония өңшілері өмінен өрлеп, өнерпаздар бимен көркемдеп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.



ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛ БАҚЫТТЫ

Еңбек министрлігінің 2024 жылғы 11 маусымдағы бұйрығымен «1 қазан – Қазақстан Республикасының жоғары білім қызметкерлері күні» болып бекітілген еді. Бұл мереке білім беру саласының жүрегі саналатын оқытушыларға арналған ерекше күн. Оқытушы – білім мен ғылымның шамшырағы, олар өз еңбегімен қоғамның зияткерлік өлеуетін қалыптастырып, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.



«Жоғары білім саласы – ел ғылымы мен білімінің қарқынды түрде дамуына айрықша есер ететін қозғаушы күш. Бұл ретте оқу орындары мен олардың қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өту білім беру ортасын қалыптастырудағы, ғылымды дамытудағы маңыздылығын көрсетіп, жоғары білім беру саласындағы мамандардың беделін көтеруге ықпал етеді. Бұл кәсіби мереке сондай-ақ Қазақстанның білім беру саласын нығайтуда және оның қызметкерлерінің елдің қоғамдық дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесін мойындауда ерекше рөл атқармақ», - деп Ғылым және жоғары білім министрі Салдат Нұрбек мейрамның мәнін қоғам алдында ашып берді. Күнтізбеде жаңадан белгіленген

белгілеу орынды шешім деп санаймын. Өркениетті елдің ертеңі кемел білім мен ғылымда болса, бұл жолдың бастаушысы – оқытушылар қауымы. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...», - деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз еңбегі қашан да өзінің жемісін береді. Олай дейтінім, сіздер даярлаған тәрбиелеген студенттеріңіз түрлі деңгейде ғылыми жобаларда, спорттық жарыстарда, интеллектуалдық байқауларда топ жарып,

университетіміздің имиджін көтеріп жүр», - деді ректор. Жиынға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев қатысып, ұжымды айтулы мерекемен құттықтап, Жетісу облысы әкімінің құрмет грамотасымен Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдыру жөніндегі проректор Алевтина Бахтаулованы, Жетісу облысы әкімінің Алғыс хатымен физика-математикалық факультетінің қауымдастырылған профессоры Рысқұл Тасболатованы, дене шынықтыру және өнер факультетінің оқытушы-дәріскері Берік Сарсенбаевты, Жетісу облыстық мәслихатының Алғыс хатымен академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Ғалия Қыдырбаеваны, әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім басшысы - Бархудар Гусеновты марапаттады.

Жетісу университетінің түлегі ретінде Марлен Қапашұлына Басқарма төрағасы-ректор «Ілияс Жансүгіров» төс белгісін тақты. Кәсіби мерекеге орай көп жылғы еңбегі, білім беру және тәрбие жүйесін дамытуға қосқан үлесі, лауазымдық міндеттерін абыроймен атқарғаны үшін университеттің оқытушылары мен қызметкерлері Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамоталары және Алғыс хатымен марапатталды. «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісін тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-дәріскері Амангелді Катенов, «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының



мерекені І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ұжымы да көтеріңкі көңіл-күймен атап өтті. «Ұстазын ұлықтаған - ел бақытты» атты мерекелік жиын өткізіп, білім ордасы қызметкерлерінің мерейін үстем етті. Жиын ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Салдат Нұрбектің құттықтауымен басталды. Еліміз бойынша алғаш рет аталып отырған мерекемен университет ұжымын Басқарма төрағасы-ректор Ермек Бөрібаев құттықтап, оқытушылар мен қызметкерлерге жылы лебізін білдірді. «Жоғары білім – біздің өмірімізде негізгі рөл атқарып, қоғамның дамуына, технологиялық алға жылжуына есер ететін басым бағыт болғандықтан сала қызметкерлеріне арнайы мереке күнін

қауымдастырылған профессоры Дүйсен Ансабаев, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін экономика және сервис кафедрасының қауымдастырылған профессоры Салтанат Байдыбекова, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Бақыт Есімқұлов кеудесіне тақты. Университеттің «Ерен еңбегі үшін» медалімен бас оқу ғимаратының слесарь-сантехникі Арипхан Абейбеков марапатталды. Сонымен қатар бірқатар қызметкерлер қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Алғыс хатымен және университет ректорының Құрмет грамоталарымен марапатталды. Салтанатты жиын мерекелік концертке ұласты.

АГРОТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ



Жаратылыстану-техникалық факультетінің ұйымдастыруымен І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің бас оқу ғимаратында «Агротехнология және оның дамуының қазіргі тенденциялары» атты халықаралық форсайт-конференция өтті. Конференцияға Марке политехникалық университетінің философия докторы Ruschioni Sara (Италия), Пәкістан ауылшаруашылық зерттеулер кеңесінің докторы Zahid Mahmood (Пәкістан), Чукурова университетінің профессоры Nakan Ozkan (Түркия), «Қазақ егіншілік және Өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Талдықорған филиалының басшысы Айдар Нұрпанов, ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің Жетісу облысы бойынша аумақтық инспекциясы РММ басшысының м.а. Болат Жылқыбаев, «Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдіснамасы орталығы» Жетісу облысы бойынша РММ басшысы Бақберген Атантаев, Жетісу облысы Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрдаулет Кененбаев, «НАМ Г. Н.» ШҚ басшысы Герман Нам, «Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Алматы облыстық филиалының басшысы Қанат Бекіев, «Жер ресурстарын басқару комитеті Жетісу облысының жер ресурстарының басқару департаменті» РММ Жер мониторингі, тапдау және есепке алу бөлімінің басшысы Бекзат Ақылбеков, сонымен қатар конференцияға «Ауылшаруашылық ғылымдары-Агрономия» мамандығының білімгерлері мен факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Жиынды жаратылыстану-

техникалық факультетінің деканы Ерлан Андасбаев жүргізіп, конференцияның негізгі мақсатына тоқталды. «Қазіргі кез қарқынды өзгерістер дәуірі. Өміріміздің барлық аспектілері, соның ішінде ауыл шаруашылығы да озық технологиялар мен жаңа білімнің әсерінен өзгеріске ұшырайды. Бүгінгі конференция жетекші сарапшыларды, ғалымдарды, кәсіпкерлерді және мемлекеттік құрылымдардың өкілдерін диалог және бірлескен болжамдар форматында агртехнологиялардың болашағы туралы стратегиялық пайымдауды әзірлеу үшін біріктіреді. Форсайт-конференциямыздың



мақсаты - агроөнеркәсіп кешенінің ағымдағы жетістіктері мен сын-қатерлерін талқылап қана қоймай, болашаққа көз жүгірту. Біз алдағы жылдар мен тіпті ондаған жылдар аясында агртехнологияларды дамытудың ықтимал сценарийін анықтау міндетін қойып отырмыз. Цифрландыру, автоматтандыру, жасанды интеллект және биотехнология өпшілік тәсілдерін қалай өзгертеді? Өнімділік пен тұрақтылықты арттыру үшін қандай инновациялар маңызды болады? Климаттың өзгеруі мен жаһандық экономикалық трендтер аграрлық секторға қандай әсер етеді? Осы сұрақтар форсайт-конференция жұмысында жан-жақты қаралады деп сенеміз», - деді модератор. Конференция қатысушылары агрономия мен агртехнология саласындағы жаңа идеялармен, зерттеулермен және заманауи технологиялардың қолданылуымен танысты. Баяндамаларда ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, экологиялық таза өнім өндіру және цифрландыру мәселелері көңілнен талқыланды. Конференцияның нәтижелері мен ұсыныстары еліміздің ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, агрономия ғылымының дамуына, сондай-ақ экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Мұндай шаралар агрономия мен агртехнология саласындағы білім мен тәжірибені дамытуға серпін береді.



«Жалынды Жетісу жастары» жарады

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша «Болашақ табысты ұстаз – ұлт кепілі» атты XV республикалық пәндік олимпиада өтті. Оған Жетісу университетінің Педагогика және психология факультеті «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттерінен құралған «Жалынды Жетісу жастары» командасы қатысып, I орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, Аружан Болатқызы «Күш білімде» теориялық сайысында «Үздік студент» атанды.



ҚАЗАҚСТАНДА АЛҒАШ РЕТ «ENACTUS WORLD CUP 2024» ӘЛЕМ КУБОГЫ ӨТТІ



2-4 қазан аралығында еліміздің Астанасында «Enactus World Cup 2024» әлем чемпионаты өтті.

Аталмыш шара студенттік кәсіпкерлікті дамыту, инновациялық жобаларды таныстыру және халықаралық байланыстарды нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Enactus — тек жаңа идеяларды көрсету алаңы емес, сондай-ақ әр елдің студенттеріне тәжірибе алмасу және достық қарым-қатынастар орнату мүмкіндігін беретін платформа.

Чемпионатқа әлемнің 33 елінен келген командалар қатысып, өз жобаларын қорғады. Сайыс нәтижесінде 16 үздік команда іріктеліп, төрт лигаға бөлінді. Қазақстанның намысын қорғаған «Enactus Kazakhstan» командасы да осы үздіктер қатарында болды, олар өз жобаларын көрсетіп, жарқын идеяларын ұсынды.

Шараға жиналған қонақтар алдымен АҚШ, Канада, Польша, Италия,

Германия, Португалия, оңтүстік Корея, Үндістан, Бразилия сынды мемлекеттердің мәдени жәрмеңкесін тамашалады.

Жетісулық студенттерден құралған «ENACTUS KAZAKHSTAN» командасы ұйымдастырған жәрмеңкедегі күрт-ірімшік, қымыз-шұбат, бауырсақ секілді ұлттық тағамдарға шетелдік қонақтар қызығушылық танытып, тамсана ауыз тиді.

Салтанатты шараның ашылуына Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қатысып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтау лебізін жеткізді.

«Enactus World Cup» жабасы жастарға жігер беріп, көшбасшылық қабілет, жаңа қадам жасаудың бірден-бір жолы. Сіздерге барлық жол ашық, әркез белсенді, икемді болыңыздар», - деген министр командаларға сәттілік тіледі.

«Алдағы күндері әр ел жастарының инновациялық идеяларға толы бизнес жобаларын тамашалайтын боламыз. Әлемдік Чемпионаттың еліміздің Астанасында өтуі - айтулы оқиға», - деп шараның маңыздылығына да тоқталды.

«ENACTUS KAZAKHSTAN» командасына зал толы көрермен зор ықылас білдіріп, қолдау көрсетті.

Әлемнің 33 елінің туын желбіреткен 3000-нан астам студент залға көтеріңкі көңіл-күй мен жағымды атмосфера сыйлады.

Шара соңында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Ермек Бөрібаев еліміздің көк туын көтеріп шыққан университет студенттеріне қолдау білдіріп, жарыс жолына сәттілік тіледі.

Чемпионаттың екінші күні «Enactus Kazakhstan» командасы еліміздің климатына бейімделген, құнарлылығы жоғары, антиоксиданттарға бай жүгерінің жаңа сұрпын шығаруға бағытталған

«Sweet Rainbow» және иммунитеті жоғары әрі өнімділігі жақсартылған қара тауықтың жаңа тұқымын шығару бойынша «Gallus» жобаларын сәтті қорғады.

Жобадағы тауық гибриді – «Қазақана» құсы көпшіліктің қызығушылығына ие болды.

Алғашқы айналымнан Марокко, Бразилия, Қазақстан, Гонконг, Аустралия, Тунис, Солтүстік Африка, Үндістан, Канада, Корея, Нигерия, Ұлыбритания-Ирландия, Германия, Мексика, Гана, Пуэрто-Рико сынды 16 команда өтті. Жартылай финалда Ұлыбритания-Ирландия, Бразилия, Германия, Қазақстан командалары өзара бақ сынасты.

Қарсылас Ұлыбритания-Ирландия командасы – қайта өңделмейтін қалдықтарды тұрақты энергияға айналдыру, Бразилия – асаи жидектері тұқымынан кофе өндіру, Германия – жоғары сапалы IT қызметіне қол жеткізуге арналған жобаларды ұсынды.

Жартылай финалда «ENACTUS KAZAKHSTAN» командасы өз жобаларын сәтті қорғады.

Қазылар алқасы команда мүшелеріне сатылым, бенефициарлар, болашақ жоспарлары жайлы бірнеше сұрақ қойып, толыққанды жауап алды.

«Біз 68 бенефициарды жұмыспен қамтамасыз еттік және олар күніне орта есеппен 4,54 доллар табыс тапты. Осылайша, олардың жылдық табысы шамамен 2300 долларды құрады», - деп жауап берді команда мүшесі Аделия Хамитова.

Шараның жабылу салтанатына ҚР



Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы қатысып, студенттердің жетістіктерін атап өтті. Ол І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті студенттерінің жобасына жоғары баға беріп, олардың идеялары мен бастамаларын қолдайтынын айтты.

Чемпионаттың финалында Марокко, Корея, Тунис және Германия командалары бақ сынап, нәтижесінде бас жүлдені Тунис мемлекетінің командасы жеңіп алды. Олардың жобасы инновациялық шешімдерімен ерекшеленді және халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

Бұл чемпионат студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, стартап идеяларын іске асыруға және әлемдік нарықта бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Enactus платформасы арқылы жастардың креативті қабілеттерін ашып, халықаралық деңгейде танытуға жол ашты.

Келесі «Enactus World Cup 2025» әлем чемпионаты Бангкок, Тайланд елінде өтеді.



Талабы таудай жас ғалым

Студенттік өмір — әрбір жас үшін ерекше кезең. Бұл уақытта жеке тұлға өзін және өзгені танып, жаңа білім мен дағдыларды игереді. Студенттер арасында ерекше талапты жастар бар. Олар «үздік студент» атанып, өз жетістіктерімен өзгелерге үлгі болады. Сондай талапты, білімге құштар студенттің бірі — Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 2 курс студенті Мөлдір Майлыбай.

Мөлдір өзінің білім мен ғылымға қызығушылығын мектеп қабырғасынан бастаған, көптеген байқаулар мен олимпиадалардың жүлдегері. Сол еңбектің нәтижесі болар талапты жас 2022 жылы мемлекеттік грант иегері атанып, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының студенті қатарына қабылданды.

Білімге деген құштарлық — үздік студенттердің ең басты ерекшелігі. Мөлдір сынды студенттер үшін білім алу тек міндет емес, сонымен қатар шынайы қызығушылық пен қуаныш көзі. Себебі, ол әртүрлі тақырыптарға мән беріп, жаңа білім мен ақпараттарды іздеуден жалықпайды. Мысалы, сабақтан тыс уақытта қосымша әдебиеттер оқып, онлайн курстарға қатысу Мөлдірдің білімге деген құштарлығының айқын көрінісі. Ол бірнеше біліктілікті арттыру курстарына қатысып, сертификат алды. Мысалы, Чехия мемлекеті, Склад білім беру орталығы ұйымдастырған «Балабақша және мектептегі нейропсихология» курсы, Coursera бағдарламасы, «Мектеп жасына дейінгі балаларға және олардың ата-аналары мен қамқоршыларына (тәрбиешілеріне) алғашқы психологиялық көмек көрсету» тақырыбында базалық тренинг, тағы басқа да бірнеше курстарды оқып, сертификат иеленді.

Білімге құштар Мөлдір білмегенін сұраудан

және зерттеуден қорықпайды. Ол сабақ барысында немесе ғылыммен айналысқанда кездескен қиындықтарды шешу үшін жаңа тәсілдер мен көзқарастарды іздейді. Оның зерттеуге деген ынтасы, өз бетімен жұмыс істей алуы, оқу процесін тереңірек түсінуге



мүмкіндік берді. Мөлдір шығармашылық ойлау қабілетіне ие, бұл оны тек академиялық салада емес, өнер, ғылым және технологияда да табысқа жетеледі. Жаңа идеяларды ұсыну, жобалар жасау және өз пәндерін жаңаша көзқараспен қарау арқылы даралығын көрсетті.

Жоғары оқу орнына түскен жылы-ақ Ғылыми кеңес 1 курс студенті Мөлдір Майлыбайдың «Мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын арт-терапия әдістері арқылы дамыту» атты ғылыми жұмысын «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының республикалық байқауына ұсынды. Байқауда 1 орынды иеленіп, Ғылым және жоғары білім министрлігінің грамотасымен марапатталды.

Сонымен қатар Мөлдір 2024 жылы Екатеринбург қаласы Уральск мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен халықаралық студенттер ғылыми зерттеу жұмысы байқауына «Организация физических упражнений с особыми детьми дошкольного возраста» тақырыбындағы жобасын ұсынып, 1 орын иеленді.

Үздік студенттер білім алумен шектелмей, өздерін үнемі жетілдіруге ұмтылады. Олар өздерінің әлсіз жақтарын анықтап, сол бойынша өзін жетілдіріп, жаңа дағдылар үйренеді. Көсібі және жеке даму үшін семинарларға, тренингтерге және конференцияларға қатысу — олардың өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының дәлелі. Осы орайда Мөлдір бірнеше ғылыми конференцияларға қатысып, зерттеу жұмысының нәтижесін көрсетті. Мәселен, РИНЦ — шетел ғылыми-тәжірибелік конференциясында (ФГБОУ ВО «Московский государственный университет технологий и управления имени К.Г. Разумовского (ПГУ)» (г. Москва, Россия) совместно с «Карагандинский университетом им. академика Е.А. Букетова» «Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ дәстүрлі қолөнерін үйрету ерекшеліктері» атты мақаласы, «Олихан оқулары — 2023. Семей қаласы, Алаш мұрасы: Тағылым

және сабақтастық» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, «Мектеп жасына дейінгі баланың сурет салуда тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуы» атты мақаласы жарияланды. «XXI ғасыр: ғылым және инновация» атты жас ғалымдар мен студенттер арасындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, 2023 жыл 07 сәуір) «Арт-терапия — мектеп жасына дейінгі балалардың креативті ойлауын дамытудың әдісі ретінде» тақырыбындағы мақаласы зерттеу жұмысының нәтижелілігін көрсетеді. «Студенттік ғылым әлемі — жаңа мүмкіндіктер» студенттердің ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2023 Майлыбаева М. Implementation of an integrative approach in teaching a foreign language in primary school. Арт-терапия арқылы мектепке дейінгі балалардың агрессивті мінез-құлқының алдын-алу жолдары. «Көсібі өзін-өзі анықтау және жеке тұлғаның дамуының негізі ретінде ерте бейнелеу» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Көкшетау қаласы.

Қазіргі таңда академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде білім алуда.

Майлыбай Мөлдір сынды студенттер білімнің, еңбекқорлықтың, шығармашылық пен жауапкершіліктің символы. Олар өздеріне ғана емес, айналасындағы адамдарға да үлгі бола алады. Әрбір студент үздік болу үшін осы қасиеттерді дамытуға тиіс деп ойлаймыз.

Білім мен ғылым жолында қанатың тап-масың, Жас ғалым!

Жадыра ЖЕКЕМБАЕВА
ғылыми жетекшісі, п.э.к.

ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ



МОЛОДОЙ УЧЕНЫЙ—ПОСДОКТОРАНТ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА АБДУЛЛАЕВА АЙГЕРИМ БЕКМУХАНБЕКОВЫ НАПРАВЛЕНА НА ОПРЕДЕЛЕНИЕ НАПРАВЛЕНИЙ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИКИ К РАБОТЕ В НОВОЙ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ В СВЯЗИ С ИЗМЕНЕНИЕМ ТРЕБОВАНИЙ К КАЧЕСТВУ ОБРАЗОВАНИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ РЕЗУЛЬТАТАМ.

Образование, и особенно школа как его основной институт, является одним из важнейших факторов социального и культурного развития современного общества. Именно благодаря школе и системе образования формируется человеческий капитал, который обеспечивает как экономический рост, так и раскрытие личных и интеллектуальных качеств человека. Однако ключевую роль в этом процессе играет учитель — тот, кто напрямую участвует в становлении личности и помогает ученикам адаптироваться к сложным вызовам современного мира.

Учитель сегодня — это не просто передатчик знаний. В условиях стремительно развивающихся технологий и глобальных изменений в мире, его роль значительно расширяется. Учитель должен обладать целым рядом качеств: от высокой профессиональной компетенции до способности быть наставником,

привлечение и закрепление в науке талантливой молодежи, повышение доли молодых исследователей. ИССЛЕДОВАНИЕ АЙГЕРИМ БЕКМУХАНБЕКОВЫ НАПРАВЛЕНА НА ОПРЕДЕЛЕНИЕ НАПРАВЛЕНИЙ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЕЙ ФИЗИКИ К РАБОТЕ В НОВОЙ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЕ В СВЯЗИ С ИЗМЕНЕНИЕМ ТРЕБОВАНИЙ К КАЧЕСТВУ ОБРАЗОВАНИЯ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ РЕЗУЛЬТАТАМ.

Образование, и особенно школа как его основной институт, является одним из важнейших факторов социального и культурного развития современного общества. Именно благодаря школе и системе образования формируется человеческий капитал, который обеспечивает как экономический рост, так и раскрытие личных и интеллектуальных качеств человека. Однако ключевую роль в этом процессе играет учитель — тот, кто напрямую участвует в становлении личности и помогает ученикам адаптироваться к сложным вызовам современного мира.

Учитель сегодня — это не просто передатчик знаний. В условиях стремительно развивающихся технологий и глобальных изменений в мире, его роль значительно расширяется. Учитель должен обладать целым рядом качеств: от высокой профессиональной компетенции до способности быть наставником,

вдохновляющим своих учеников. Эти аспекты активно обсуждаются учеными, которые исследуют вопросы педагогики, философии и социокультурных изменений в образовании.

Современный мир уже вошел в эпоху Четвертой промышленной революции, или Индустрии 4.0, как ее называют эксперты. Технологические прорывы в цифровых технологиях изменяют все сферы жизни, включая образование. Клаус Шваб, основатель Всемирного экономического форума, отмечает, что новый этап глобальной индустриальной революции изменит мир настолько, что его разделение произойдет не по национальным или религиозным линиям, а по уровню технологического развития. В такой реальности важность образования возрастает многократно.

Какой же должен быть учитель эпохи Четвертой промышленной революции? Это уже не просто носитель знаний, а профессионал, способный работать с постоянно меняющейся информацией, эффективно использовать цифровые технологии, быть адаптивным и гибким. Важным становится развитие у педагога инновационной культуры — способности к созданию нового, креативному переосмыслению привычных подходов к обучению и воспитанию.

Образовательная система сегодня сталкивается с необходимостью не просто передавать знания, но и готовить выпускников к работе в условиях меняющегося мира. Появляются новые профессии, изменяются требования к компетенциям, а значит, образовательные учреждения должны пересматри-

вать свои подходы к обучению. В этой трансформации важная роль отводится информационно-образовательной среде (ИОС), которая позволяет сделать процесс обучения более гибким и ориентированным на индивидуальные потребности каждого учащегося.

Учитель в таких условиях должен уметь не только работать с новыми технологиями, но и создавать собственную образовательную среду, способную удовлетворить познавательные потребности учеников. Это предъявляет высокие требования к его интеллектуальной и профессиональной подготовке. Ведь теперь педагог должен не только искать и перерабатывать информацию, но и использовать ее для структурирования новых знаний, которые помогут ученикам ориентироваться в мире будущего.

Актуальность проекта состоит в том, что его результаты будут распространяться среди ученых, педагогического сообщества и широкой общественности, влияя на совершенствование образовательного процесса. В конечном итоге это приведет к более глубокому пониманию современных вызовов и повышению качества образования, ориентированного на потребности динамично меняющегося мира.

Таким образом, система образования, учитель и образовательная среда — это те три кита, на которых будет стоять общество будущего. И чем быстрее педагогический корпус сможет адаптироваться к новым условиям, тем эффективнее будет наша подготовка к миру Четвертой промышленной революции.



Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде белгілі мемлекет қайраткері, ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековпен кездесу өтті. Мырзатай Жолдасбековтің есімі елімізге Түрік қағанаты кезіндегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін қазақ ғалымдары ара-

ҒАЛЫМ САЛҒАН

САРА ЖОЛ

сында алғашқылардың бірі болып жаңаша зерделеп, қазақ тіліндегі аудармасын ғылыми айналымға енгізген, жыр алыбы Жамбыл Жабаев пен Кенен Әзірбаевтың шығармашылығын зерттеуге мол үлес қосқан, олардың ақындық мектебін жан-жақты талдаған ғалым, көптеген мемлекеттік қызметтерді атқарған қайраткер ретінде жақсы таныс. Ол 1977-1987 жылдар аралығында Талдықорған педагогика институтының ректоры болды. Оқу орнына айтарлықтай елеулі өзгерістер енгізіп, институттың кемелденуіне орасан зор еңбек сіңірді. Өңірдің аса қат мамандықтарға сұранысын ескеріп, 1977 жылы музыка-педагогикалық, 1980 жылы мектепке дейінгі тәрбие, 1986 жылы дене тәрбиесі сияқты жаңа факультеттерді ашты, физика-математика факультетінде «жалпы техникалық пәндер», мектепке дейінгі тәрбие факультетінде «педагогика және бастауыш мектепте оқыту әдістемесі» мамандықтары бойынша кадрлар даярлана бастады. Осы жылдары білім ордасының қабырғасында тәрбиеленген өрендердің өнерлерін шыңдау мықтап қолға алынды. Соның нәтижесінде



«Қуыршақ» театры, «Россиянка» вокальды ансамблі, «Назигум» ұйғыр ансамблі, «Жетісу» халықтық ансамблі және орыс халық аспаптар оркестрі құрылып, облыс жұртшылығының көзайымына айналды. Осынау өнер ұжымдары Қазақстанға ғана емес, шет ел көрермендеріне де ұлтымыздың бояуы қою, өрнегі әсем өнерін шебер жеткізуімен танылды. Оқу орнында ақын І.Жансүгіровтің әдеби-мемориалды мұражайы ашылып, мұрағат қорлары жинақталды. Осы мұражайдың негізінде, іргесін көтерген ұлы ақынның қалалық әдеби мұражайы өз жұмысын кейін республикалық мәні бар, ең таңдаулы мәдениет орнына айналдырды. Жиынды жүргізген Басқарма төрағасы – ректор Ермек Бөрібаев қоғам қайраткерінің өмір жолына қысқаша тоқталып, студенттерге мағлұмат берді. «Мырзатай Жолдасбекулы

өздеріңіз білім алып жатқан шаңырақ - Жетісу университетінің іргелі білім ордасына айналуына көп қызмет еткен ғалым. Білім ордасына Ілияс Жансүгіров есімінің берілуіне көп үлес қосты» – деп қайраткердің білім ордасына сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Мырзатай Жолдасбекулы өткен күндерден естелік айтып, оралмас шақтарын сағыныспен еске алды. Жетісу университетінің тарихына тоқталып, республикада өзіндік орны бар екенін айтты. Ұлт мүддесін жоғары қоятын қайраткер студент жастарға арлы, білімді, мейірімді болындар деп еснет айтып, батасын берді. «Темірқазықтай жол көрсетіп, тұлға болып қалыптасуымызға ықпал еткен басшымыз» – деп Мұса Бисәкұлов, Серікбол Шыныбаев, Алтын Бакрадинова сынды шәкірттері ортаға шығып ұстаздарына алғысын жаудырды. Шара соңында университет ректоры Ермек Бөрібаев мәртебелі мейманға «Ілияс Жансүгіров» тосбелгісін тағып, иығына шапан жапты. Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев бұл күннің тарихи оқиға екенін айтып, Жетісу жұртшылығы атынан алғыс білдірді.

ДЕНІ САУ ҰЛТ – ЕЛ ТІРЕГІ



Университет спортклубының спорт және көпшілік спорт жұмысы бойынша күзгі айларына жоспарланған жарыстары басталды. Алғашқы кезеңде спорттың футбол, жеңіл атлетика түрлерінен жылда өткізілетін дәстүрлі жарыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда 12-13 қыркүйек аралығында футболдан «Басқарма Төрағасы - Ректор Кубогы» үшін жарыс өтті. Дәстүрлі дода қорытындысы бойынша I орынды «Zhansugirov College» командасы иеленді. Гуманитарлық факультет командасы II орынды жеңіп алса, Жаратылыстану – техникалық факультетінің командасы III

орынның туғырынан көрінді. Жарыс кезінде студенттер жоғары белсенділік танытып «Үздік ойыншы», «Үздік қорғаушы», «Үздік қақпашы», «Үздік шабуылшы» аталымы бойынша марапатталды. 17-қазанда университет стадионында I курс студенттері мен Ректорат құрама командасы арасында футболдан жолдастық кездесу өтті. Дәстүрлі жолдастық кездесудің мақсаты студенттердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, білімгер мен білім ордасы қызметкерлері арасында ашық қарым-қатынас орнату. Студенттер командасы өте жақсы ойын техникасы мен тактикасын көрсете білді. Ректорат командасы да осал қарсылас емес екенін көрсетті. Теңбіл доп бәсекесінде достық жеңді. Қыркүйек айының 20 күні университетіміздің профессорлық оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен студенттері арасында «Президенттік миля» жарысы өтті. Жарыс жолына ардагер профессорлар Амангелді Катенов Нұрлан Абишев, Дүйсен Ансабаев, Тасболатова Рысқұлшықты. Жарысқа барлығы 140 адам қатысты. Жарыс ҚР бекіткен «Президенттік миля» ережесі бойынша өткізілді. Жарыс қорытындысы бойынша 60 және одан жоғары жастағылар (ерлер) арасында I орынды Амангелді Катенов, II орынды Амангелді Курманбаев, III орынды Нұрлан Абишев, Дүйсен Ансабаев иеленді. Ал өйелдер арасында I орынды Гулнар Шатырбаева, II орынды Рысқұл Тасболатова алды. 50-59 жас аралығында ерлер ара-

сында I орынға Болат Молдақұлов, II орынға Еркін Тоқпанов ие болды. Осы жас аралығында өйелдер арасында I орын Сауле Уалиеваға, II орын Гулнар Исламжановаға бұйырды. 40-49 жас бойынша ерлер арасында I орынды Александр Бондаренко, II орынды Ардақ Аннабигин, III орынды Данияр Абишев, ала, өйелдер арасында I орынға Айнура Аңсабаева, II орынға Камшат Забисева, III орынға Гулмира Кастеева шықты. 30-39 жас бойынша ерлер арасында I орынды Олжас Тұрсынбаев, II орынды Қуаныш Жақпаев, III орынды Ербол Жапаш алды. Өйелдер арасында I орын Гулжан Омарбековаға, II орын Ақмарал Сакеноваға, III орын Айгерім Қасимоваға бұйырды. 23-29 жас аралығында ерлер арасында I орынды Сұлтан Сейлхан, II орынды Дәулет Ермұханов, III орынды Алибек Хый алды. Өйелдер арасында I орынды Мерке Жұмахан, II орынды Айгүл Ахметсапа, III орынды Назым Уақышова иеленді. 18-23 жас категориясында ұлдар арасында I орынға Рамазан Анарбай, II орынға Жеңіс Бейсенбай, III орынға Али Стыбаев ие болса, қыздар арасында I орын Русалина Барамбетова, II орын Баян Ошанбекке, III орын Асель Ілияқызын бұйырды. Жалпы командалық есепте I орынды Гуманитарлық факультет, II орынды Физика – математика, III орынды Жаратылыстану – техникалық факультеті алды. Жүлделі орынға ие болған профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен



студенттер Басқарма Төрағасы-Ректордың Кубогы және мақтау грамоталарына ие болды. 2-қазанда спортклубтың ұйымдастыруымен Талдықорған қаласының білім беру мекемелерінің арасында «Алтын күз -2024» жеңіл атлетикадан кросс жарысы өтті. Жарыс мақсаты - салауатты өмір салтын және жеңіл атлетика спортын насихаттау, жолдастық қарым-қатынасты нығайту. Жарысқа 7 команда қатысып өз мүмкіндіктерін сынады. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, II орынды Талдықорған жоғары политехникалық колледжі, III орынды Талдықорған индустриялық колледжі иеленді.

Өмір деген қызық қой. Бір адамдармен кездесіп, тіл қатысып, бітім-болмысы, сыртқы құбылысына назар аударып, ниет-пілғын сезініп, ішкі әлеміне көзке көзімен үңіліп, адами табиғатынан хабардар бола келе өлгіден жеріп, шапшаң құтылуға, сыр-ын білген соң сыртынан жүрмеуге, қайтып жолында түйсіктермеуге барыңды саларың хақ. Екінші бәреуді көрмей-ақ, онымен жақын жүріп, тәпті болған қанаттас, қатарлас, сыйлас, сырлас, ортақ мақсат, мүдде табыстырған өріпест, дос-жарандарының ол кісі жайлы керісәл, «Есілдегі есіп жатқан кеңіл» лебздерінен мағыалық күштің қуатын бастан кешіп, жамандардан жаурап жүргенде бір жақсының қадірін танып – білуге құштарлығың сынады екен.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы облысы Сарқан ауданы Амангелді ауылында 1954 жылы 1 қаңтарда дүниеге келіп, бар саналы ғұмырын халқына мінсіз қызмет етуге жұмсаған Сарбасова Қарлығаш Базарбекқызына мән осылайша ел өзін құлағыма құя жүріп, көзіммен көрген соң шындығында құштарлығым артты. «Білімдар адам існен білініп тұратын жұпар сияқты, білім де сондай ісін білдіріп тұрады» (С.Сарайи) екен. 2002 жылы Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті қатарласа қызметке шақырды да, «туған жерге туып тік» деген перзенттік сөзім мені өзгендер өрнектеген елкедегі жоғары білімнің қарашақырағына жетелеп өкелді. Өлбетте, ірі өндіріс орындары мен Астанадан тыс, қиыр шеттегі оқу орындарына пендешілікпен мұрын шүйіре

Қарлығаш Базарбекқызы 1975 жылы Алматыдағы мемлекеттік қыздар педагогика институтын үздік дипломмен тәмамдап, туған мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі бол оралғаннан бастап, өмірінің соңына дейін өз тілеуінен ел тілеуін жоғары қоятын ұстаздық қызметін ауытқырмай, ғұмырын осы қасиетті мамандыққа арнады. Атақты А.В.Луначарский «Педагог – это тот человек, который должен передать новому поколению все ценные накопления веков и не передать предрассудков, пороков и болезней» – депті. Өңіріне бұрымы төгілмесе де, тал бойына жарасқан киім кісісі ешкімді бейжай қалдырмайтын, ақылына сай білім-білігі жетілікті, табиғаты адал, кейде принципсізге біртөбеткі, жершілдік, рушылдыққа қарсы, ісінің ақтығына көзі жетсе, айтқанын істеп, істептірмей қоймайтын, сөзіне берік, кәсібилігі жоғары, шеберлігі мық шегедей маман. Өмірде қарапайым, қайырым-мейірімді мол кісі. Мәлдір де пәк жан тазалығы шәкірттері мен студенттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру кезінде айқынырақ көрінеді. Оның дәрістерінен білімгерлері халық рухы тек ана тілінде креативті, жасампаздығын сезнеді. Сондықтан да Қарлығаштың өр сабағын тілдерді өз мәнінде оқытудың интерактивтік – интерактивті технологиясын меңгертудің шеберлік сабағы деу ләзім. Шындығында, білім мен білігі, бай тәжірибе, іскерлік, алғырлық, ізденімпаздық, ұлттық ойлау жүйесі, философиялық мәдениетті бір арнаға тоғыстыруға талап ететін «Біле-білсеңіз педагогика деген ғылым емес. Ол – өнер» (Асқар Жұмаділов). Айтары не, күміс бұлақтай сынғырлаған үнімен білімгерлерді баурап, сәрікіді тартқан жас шамасында көктемнен қанына қызу дарытып, жанына

сапып барып доцент ғылыми атағы берілді. Университетте қазіргі қазақ тілінің фонетика, лексикология, синтаксис, диалектология, қазақ әдеби тілінің тарихы пәндерінен дәріс оқып, практикалық сабақтарды үзбей жүргізді. Демек, Қарлығаш – жоғары оқу орны ғана емес, Жетісу өлкесіндегі күллі мектеп, колледжі, лицей оқытушыларына білікті лингвист қана емес, тіл ғылымының бар салалары мен тарихы бойынша ақыл-кеңес беретін бірден-бір ұстаздардың ұстазы, тілімізді – тек, діліміз бен дінімізді – дінге етіп ұстауға бағыт-бағдар беріп жүрген сарабдал да саңлақ тәлімгер болды. Оның дәрістеріне қатыса жүріп, мемлекеттік емтихандарда бітірушілерден қазақ тілінен емтихан алу барысын қадағалау кезінде риясыз көзім жеткен нәрсес, мен де филологтық кезінде Абай атындағы ҚазПИ-де академик С.Кеңесбаев, ғылым докторлары Ә.Блоқақов, И.Үйікбаев, С.Аманжолов, М.Балабаев, Жанпейісов, Т.Қордабаев, Ғ.Қалиев, Н.Оралбаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, Болатовтардан білім алып, кейінгі алдын көріп, інжу-маржанын сүзген біздер, бәделді бетке ұстап Қарлығаш Базарбекқызының тіптану саласындағы жеткеніне сынай үңілгенде, тек сүйсініп отырдық. Оған аса риза болатының – білмейтінін білем деуден өзін аулақ ұстап, қайта білетінін қоңылтастырып отыратыны. Дерің бар ма, «Даналық білмусуден қорықпайды, күмәнданудан, еңбектен, зерттеуден қорықпайды. Бір ғана нәрседен – білмейтінін білем деуден қорқады» (Л.Толстой). Ғалымның ғалым болып толысуы, адамың адами жетілуі, көлік кемелдігі, іш қатпарының қалыңдығы, даналық өркенінің өсуі осыдан аңғарылмақ. Толғауы тоқсан, түйіншегі мыңнан асып

лер жинағы)» атты сүбелі еңбектері кез келген ғылым докторының деп ксудесін соғып жүргендерімен мығын теңестіретін құнды дүниелер. Біздің білетініміз ол – жалқаулық, алауыздық, өсекшілдік, мақтаншақтық пен билікшілдікті сұқаны сүймейтін, биік мәдениеті, ізеттілігі, иманжүзділігімен, арын арзанға бұлдамайтындығымен ерекшелетін Қарлығаш өзінің қолы жеткен, тындырған істеріне еш қанағаттанп көрмеген деғдар талант-тағдырдың иесі.

Жеке адамдардың шәкірттерінің жеткен жетістігі бақытын аялап, мемлекеттік мұрат-мүддеге беріс қызмет етуден ақы-пұлсыз қоғамдық жүктеме-лөрді атқарудан ләззат алатынына мысалдар жеткілікті. «Болмысы жаратылысынан ерскерлер зиялылар ғана замана толғағын жүргенін өткізе алады» (М.Қозыбаев). Сол «замана толғағын жүргенін өткізген» Қарлығаштың ғылыми тағамының жоғарылығы, ана тілінің аса кіді мәселелерін талғап түсінер біліктілігі, қазіргі заманның өркеніне бағдарламалары, ақпараттық технология мен нанотехнологияға бетбұрған постиндустриалық дамуының озық үлгілерін дәстүрлі қоғамның рухани байлықтарымен табыстырып жіберу амалдарына бесапастығы білімгерлерін де биік белестерге бастап жүр.

«Тоқтышақтың терісі тондырмаса суыққа, жанат емей мемен» (Саққұлақ). Аса зерек, күн көркек, іскерлік жағынан ысылған қазақ тілінің мәртебесін асыра түсу жолында өзін де, білімгерлер – магистранттарын да жеткен жетістіктеріне төкпейлісмей, тыңға түрен салдыруға баптай, баули білетін ғалымдығы жалған схоластикалық талаптар мен догматтық мақсаттарға аттап баспайтын, ғылым докторларының жүгін аркалап, профессорлардың міндетін мінсіз атқаратын ғылым кандидаты, доценттеріміз осы Қарлығаш Базарбекқызы Сарбасовадай кісілігі мен ізеттілігі, қайырымдылығы, құтты білігі, тозиділігіміз, еңбекқорлығымен үнемі билінде тұрса көні. Демек, Қарлығаш Базарбекқызының ұстаздық, азаматтық тұлғасы, қоғамдық

КӨҢІЛІҢІЗ КҮНІ

қарайтын көзқарас қалыптасқан ғой. Бұл, өрине, елдің зиялылық сипатына нұқсан келтіретін ушқақал түсінік екенін мен осында қазақ филологиясы кафедрасының тұтқасын ұстаған жылдары аңғардым. Кенәуі кеткен кафедраны бірер жылдың ішінде ақылы алғыр, жүрегі сәулелі, өз басының абүйір, атақ, айдынынан елдің, жас ұрпақтың мүддесін жоғары қоятын еңбекшіл, ізденімпаз филология ғылымдарының кандидаттары Қ.Сарбасова, Ш.Қыямбетова, С.Қожағұлов, З.Еркінбековалардың қолдауымен мемлекеттік тіл мен әдебиеттің оғауын ұлттық намыс пен жұрттық руханияттың жұтамас мекеніне айналдырдық. Университеттің арқа тіріз негізгі кафедрасы деңгейіне көтеріп, мемлекеттік тілдің адам мен адамды, ел мен елді біріктіретін дәнекерлік қасиетін айғақтау мүмкіндігін туды. «Іздегенім мағ, мансап, мақтан емес. Ой көзімнен тексерсең мәлім жайым», – деп Шәкәрім дана астарлап айтатындай, бізді, ең бірінші, халықтың сөніп талпырған ұрпағына жоғары, сапалы білім беретін кафедра оқытушыларының ғылыми дәрежесін көтеру мәселесі қинады. Кафедра оқытушылары мен үздік білімгерлерімізді қузап, өзіміз ғылыми жетекшілік жасап, өзге Ғ Ұлттық жоғары оқу орындары ғалымдарын көмекке шақырудың нәтижесінде қазақ филологиясы кафедрасы көп ұзамай ғылыми өлеуіп жағынан басқалардан қара ұзп кетті... Міне, осы істердің басы-қасында оқыту ісінің мәңгерісі, ізеттілігі, кішіпейілдік, елгезектік, биязылығы, сыпайылығымен белктеніп тұратын ұстамды, парасатты, салмақты мінезі мен ішкі мәдениеті жоғары Қарлығаш Базарбекқызы жүргенін мойындауға тиістіміз. Қарлығаш – мінезге бай. Платон: «Ақыл – сұйықтық, мінез – ыдысы» деген «Ыдысы» беріктің – тұғыры биік, берік. Нәзік жаныстыға жататындықтан, ол өдептілігі, нәзіктігі, инабаттылығына қылдай құлау түсірмеумен бірге, өр мінезді, ер мінезділікпен де ада емес. Өйткені, ол – ұстаз. Ал ұстаз қымбат, мәзасыз тіршіліпінде табиғаттың өзінде мінезді болмаса, «ұстаздық – ұлы істе» (З.Қадырғұлов) ұтары шамалы. Қарлығаштың ұстаздығынан үйренеріңіз кеп. Барыныша алғыр, сезімтал, психолог. Мыңыңқы қат-қабатын жазып, қадалып оқып отырағандай, іштенді айттырмай ұтып, қандай қылығы, қандай әрекеті, қандай сөзі болмасын ниеті, ойы, пилімінен диттесен тусыңнан табылады. Ар-ождан тазалығынан болар, ел қамы, жұрт пайдасы деген нысандардан ауытқымауға тырысып бағады. Бұл енді – өмірге ұстаз бол туған адамының ұстанымы.

асау арнаны тұндырып, жүрегіне жастық қуатын сіндетін «өнерге» не жетсін. Иә, «Если учитель соединяет в себе любовь к делу и к ученикам, он – совершенный учитель» (Л.Н.Толстой). Ісін бар жан-тәнімен құпай сүйетін, бар ғұмырын сол кәсіби мамандығының қыр-сырын, ғылыми негізін меңгеруге қанысз баныштап, білімгерлерің табысына тасып, сәтсіздігіне бірге жасып, көңіліне демесің, қолтығына сүйесің бол, оларға қыянат жасаған пенделердің «жағасында қолы жүрген» нағыз ұстазыңыз осы Қарлығаштай-ақ болсын. Халық даналығы: «Егер бір жылдығыңды ойласан, егін еңк жүз жылдығыңды ойласаң, ағаш еңк; ал мың жылдығыңды ойласан, Адам тәрбиелеп, білім бер», – дегенді терең философиялық мағынаға бөлеп ұсынады. Демек, «Мөңгі ел» болуды армандаған халық болашағы – ұрпағына тек білім мен тәрбиені тал бойына берік сіңірсе ғана сол арманы – мұратына жетпек. «Сол арман-мұратты» болашаққа сыйлайтын ізгілік иесі – Ұстаз, демек соның бірі – Қарлығаш Базарбекқызы. Ләкі, «ізгілік үздікпейді, қартаймайды, өмірі ұзақ, атағы ортаймайды» (Ж.Баласағұн). Халқының қақ ортасында қаздай қалқынып, үйрекеті жүзіп, бүлбүлдай сайрап, сұңқардай бүлпүл сапырып, түлпардай табаны қызып, үріп ұрттап, шайқап ішіп жүру тек соның талайына жазылған.

Ана сүтімен, әке рухымен келген қабілет, дарын қойсын ба, ол Қарлығаш Базарбекқызын 1990 жылы Талдықорған педагогикалық институтына жетелеп әкелп, «Алатау, сен де бий, мен де бий, Қосыласаң – қосылғандай шерге күйі. Сен күң, мәңі күшлі менсіңбейді, Тұрған соң табанымыз жерге тиіп» (Маралтай Райымбекұлы) демекші, өзінің қолынан не келетінін жалап жұртқа таныту үшін жоғары оқу орынында сабақ бере жүріп, намыс пен жігерін жани, таңды таңға ұластырып ғылым айдына «қайығын салады». Асылы, «адамзат жетістігінің биік шыңы білімде» (Ж.Баласағұн). Табандылық, өршілдік, қайсарлық, тұрашылдық, намысқойлықтың қамытына жетіген Қарлығаштың маңдайының бағы бес елі демөудің реті жоқ. Тіланудың ірі тұлғасы саналған Сәрсен Аманжолтың перзенті, ұлының сарқыты – филология ғылымдарының докторы Алтай Сәрсенұлы Аманжолтың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі етістіктің фразеологизмдердің лексика-семантикалық сипаты» деген тақырыпқа кандидаттық диссертация жазып, сәтті қорғап шықты. Араға бес жыл

БАР АДАМ

жағылатын тіршіліктің шиырлы өрісінде әнші мен айқайшы, сазгер мен әуесқой, ақын мен өлеңші, суреткер мен әдебиетші, жазғыштар да қатар түтін түтетіп жататыны тәрізді, нағыз ғалым мен ғалымсымақтар да қатар өмір сүріп, Тыныштықбек Әбілқайымұлы таң-тамаша қалатындай, «Тұлпарлармен жарысып, есектің де бәйге аларына» ет өліп барады. Ғалымсымақтар айлаға шырақ жағып, ғылыми дәреже мен атақ алуды армандайтыны қоғамды жайындай жайлап, өлгілерді пендеші тірлігінің есебін түгендеудің құралына айналдыруды көздейтіндігінен. Еңбек торысы, ғылымды ар-иманына, Құдайдың маңдайына бұйыртыңы санаған текті жандар еш дәреже, атаққа жерік болмай-ақ ғылымның отын маздаттып, жүйрігін жаратуды арының сыбағысы санап жүр. Соның бірі, бірегейі – Қарлығаш Базарбекқызы. Сонау 1999 жылы кандидаттық диссертациясын қорғаған соң ол қазақ тілінің тұрақты сөз тіркестерінің семантикасы, тақырыптық топтары; онома-нология: жер-су, елді-мекен атауларының шығу тегі, сезжасамның, топонимдердің қазіргі ахуалы жайлы тіл білімінің шиырлы соқпақтарын түсіп кетіп, мұратына жеткізудің қамымен шақшадай басы ша-радай бол жүргенде, докторлық диссертация қорғаудың сәті қолынан сусып шығып, қапы қалды. Бірақ дүмше ғалымдар сияқты сөз жіберіп алғанына, тілін тістеп, «бірің» екінен көк, «...Әрбір тұлға бақытты болуы үшін халықтың ғасырлар бойы қордаланған даналыққа топы байлығын игеруі тиіс» (Ә.Нысанбаев). Ыстық ақылды, салқын сабырды тірек етуден жаңылмайтын Қарлығаш, білімгерлеріне аса қат оқу құралдары мен оқулықтары өтпелі аласапыран тұстың құбылмыр қабағынан иемденбей, кесегелі құбылмаларды жайлап, бабымен жүзеге асырып жатты. Атап айтқанда, «Тыныс белгілеріне арналған жаттығулар», «Қазақ тіліне арналған жаттығулар», «Қазақ тілінің етістіктің фразеологизмдері», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы», «Жетісу гидронимдері», «Қазақ тілі мәселесі» (ғылыми мақалалар мен зерттеу-

қызметі, ғылыми ізденістерін сараулау барысында оның адамың адами жетілуі мен кісілік кемелденуінің құпиясы, бізше, адамдық эволюцияның өлшемсі ретінде даналық, кісілік үлгілерін берік сақтап, ізгілік жолынан айнымауды Темірқазығы етуінен бер екен деген ойға бастайды. Алаш көсемі Ә.Бөкейханов: «Ұлт мәселесін түс көріп жүріп емес, ояу жүріп іздеу керек», – деп өсиет қалдырыпты. Демек, қазіргі зиялы қауымға ертеңді біржолаға жоғалтып алмау үшін үлгі мәселесін берік орықтырудың қамын «ояу жүріп іздеу керек».

Қарлығаш Базарбекқызы қазақы кеңді, қазақы мейрім, қазақы ой-санасының көкжиек кең, ешкімнің де, ақыры жауының да көңілін қалдыруға асықпайтын мол пішілген, небір шишыққан мәселе төңірегінде сұхбаттасқанда да алқаласып, қоғамдасып, бас-аяғын дөңгелетіп әкетуге дейін ақыр-көктерге бата жүріп, тынақтағанша тыным көрмейтін мазасыз, табанды, өрелі істі, парасатты досты сүйетін, елін сүйетін елгезек жігерлі, қайсар жан Тауып сөйлейтін шешендігі, рухани тазалығы, ілі қасиеттерге суарылған адами бет-бейнесі сүйкімді, ара-тұра өзі жақын тартқан адамымен сұхбаттасқанда өзін-қалыңына жол беріп, жарғап отырап, сүйкеңі, әзілімен отырысқа ерекше бір жылылық дарытып, кезі келгенде «егіле білетін, слжірсі білетін, төңіресіне үнемі жақсылықты аңсап сылдырап ағатын көусар бұлақтай», сағынған шақта сақтағанын сарқа ұсынатын дархан даласындай жо-март пейілді. Бұлар, әлбетте оның кісілігі мен зиялылығынан адамылық қасиеттерінен хабар берсе керек. Адамың ішінен Адамыз іздейтін мәрт халықтың ғой. Мына өмір атты бүгін бұлдыр, ертеңі беймәлім шолақ кұмырда жақсы бол өткенге, жақсымыз көп болғанға тәубе дейміз.

Тұрсын СЫДЫҚОВ,
Филология ғылымдарының
докторы,
профессор, академик

В мире, где границы между культурами стираются, а глобальная коммуникация становится неотъемлемой частью нашей жизни, изучение иностранных языков приобретает особое значение. Каждый новый язык — это не просто набор слов и грамматических правил, но и ключ к другим мирам, который открывает двери в богатства другой культуры, новые возможности и неожиданные знакомства. Однако традиционные методы обучения зачастую могут казаться скучными и устаревшими. Что если мы скажем вам, что существуют новые, инновационные подходы, которые меняют правила игры и делают процесс изучения языка увлекательным и вдохновляющим? В этой статье мы рассмотрим

отдыхом. Сторонники этого метода утверждают, что за 12 недель можно выучить больше, чем за 12 месяцев. Именно такую методику используют участники марафона Language Heroes. Под наставничеством кураторов организованные группы проходят 12-недельный языковой курс, что представляет собой настоящий мозговой штурм с жесткой и эффективной методикой обучения. Если вы не сломаетесь и не сдадитесь, то обязательно достигнете прогресса. Участники берут на себя обязательство говорить только на изучаемом языке в течение определенного времени, общаются друг с другом, выполняют задания и участвуют в мероприятиях, создавая атмосферу поддержки и взаимопомощи. Это приводит к интенсивной практике разговорной речи, пре-

данной методики заключаются в фокусе на важнейшей лексике, быстром достижении базового уровня общения, эффективном использовании времени на изучение и возможности быстро начать общение на базовом уровне.

4. Приложения для тренировки речи на иностранном языке

Существует множество мобильных приложений, помогающих практиковать разговорную речь, таких как Tandem, позволяющее найти партнера для языкового обмена, HelloTalk, сочетающее элементы социальной сети и языкового обучения, Speakly, фокусирующееся на разговорной практике с использованием ИИ, и Busuu, предлагающее уроки и возможность общения с носителями языка.



9 МЕТОДИК ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

9 самых интересных методик, которые помогут вам не только освоить новый язык, но и вписаться в международное сообщество.

1. Post-crossing

Post-crossing — это международный проект обмена открытками, который является отличным инструментом для изучения иностранных языков. Согласитесь, очень здорово одновременно практиковать язык и получать послания из разных уголков планеты. Вы регистрируетесь на сайте postcrossing.com, получаете случайный адрес человека из другой страны и отправляете ему открытку на изучаемом языке. В свою очередь, вы получаете открытки от людей со всего мира. Это дает возможность практиковать письмо на изучаемом языке, читать реальные сообщения от носителей языка, знакомиться с культурой других стран и получать мотивацию к изучению языка через личное общение, что способствует расширению словарного запаса, особенно в темах путешествий и культуры.

2. Геройский марафон Language Heroes

Геройский марафон Language Heroes представляет собой интенсивный метод изучения языка, основанный на принципе погружения. Согласно системе Брайана Морана, непрерывное изучение языка в течение всего года дает лучшие результаты по сравнению с интенсивной учебой в 12-недельных циклах, которые чередуются с

одолению языкового барьера, быстрому расширению словарного запаса, улучшению навыков аудирования и повышению уверенности в использовании языка.

3. Метод 1,500 слов и 200 выражений

Эта методика изучения иностранных языков, разработанная для английского языка Эриком Гуннемарком, постоянно совершенствуется и привлекает новых

последователей. Автор утверждает, что для знания любого языка достаточно освоить элементарную грамматику, выучить 1,500 базовых слов и 200 выражений. Согласно его теории, этого объема знаний достаточно для повседневного общения на бытовом уровне. Учебник Гуннемарка помог тысячам людей выучить английский, и сегодня по его методике созданы пособия для изучения различных языков.

Процесс изучения включает составление списка из 1,500 самых частотных слов, подбор 200 полезных фраз для общения, постепенное изучение слов и выражений с использованием различных техник запоминания, а также практику их использования в контексте. Преимущества

Преимущества таких приложений заключаются в удобстве и доступности практики в любое время.



6. Экспресс-метод Илоны Давыдовой

Экспресс-метод Илоны Давыдовой, разработанный в начале 90-х, обещал быстрое изучение английского языка через невидимое воздействие особых сигналов, которые якобы помогали словам легко запоминаться. Несмотря на это, прилагаемые книги и кассеты оказались довольно качественными, что позволяло достигать положительных результатов.

рой постант только фотографии. Здесь есть множество блогов знаменитых и не очень людей со всего мира, которые интересно не только смотреть, но и читать.

Воспользуйтесь поиском по хэштегам или геолокации, чтобы найти носителей языка, который вы изучаете. Просматривайте блоги и посты, читайте и старайтесь их понять, это будет отличной практикой в восприятии письменного живого (а не академически-сухого) языка. Кстати, отличной помощью для вас будет Инстаграм-функция быстрого перевода текстов: встретили непонятное слово — и сразу же узнали его значение!

9. Языки через рисование

Эта методика основана на запоминании информации и еще называется «эмоциональным рисованием». Когда человек рисует, он задействует мышечную, зрительную и эмоциональную память. Связывая новые слова на иностранном языке с определенными образами, можно запомнить их значительно быстрее.

Авторы методики советуют сосредоточиться на значении иностранного слова, которое нужно выучить, и нарисовать образ. За счет творческой составляющей этого процесс слова запоминаются лучше, чем при просмотре готовых иллюстраций к словам в учебных пособиях. Кстати, художественные таланты для этого совершенно не важны.

Изучение иностранного языка — это процесс, который требует усердия и желания. Все предложенные методы и техники, будь то обмен открытками, использование мобильных приложений или творческое рисование, являются лишь дополнительными инструментами на этом пути. Важно помнить, что успех зависит не только от выбора подхода, но и от вашей настойчивости, регулярности занятий и искреннего интереса к языку и культуре. Каждый метод может принести свои плоды, но только при условии активного и целенаправленного обучения. Успех в освоении языка — это результат ваших усилий и стремления.

Основная особенность метода заключается в том, что материал представлен в виде отдельных озвученных фраз и слов, что нацелено на восприятие речи на слух. Это может заинтересовать тех, кто уже обладает определенной базой знаний и хочет увеличить словарный запас.

7. Учеба на кухне

Учеба на кухне предлагает совместить кулинарию с изучением иностранного языка. Любители готовки могут искать интересные рецепты на зарубежных сайтах и записывать их на иностранном языке, что помогает значительно пополнить словарный запас и погрузиться в языковую среду. Также за границей популярны курсы, где можно изучать язык одновременно с кулинарией.

8. Instagram-серфинг

Инстаграм уже давно перестал быть социальной сетью, в кото-



ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҰГРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Бас редактор: Б. Шаянбаева
Редактор: А. Иебекова
Дизайнер: Б.Таубалды

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансұгров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №1158
Таралым 2000 дана